


САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ




БЕКІТЕМІН

Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік
университетінің Ректоры
 А.А. Талтенов
«14» қысқанық 2018 г.

**МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ (ЖОБА) ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

N 033

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	2-бет, 31 беттен тұрады

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕГЕН: Ғылым департаменті

2. ЕНГІЗГЕН: Сапа менеджмент жүйесі қызметі


3.ӘЗІРЛЕУШІ:

А.А.Мусаева - ғылым департаментінің директоры

4. «14» желтоқсан 2018ж. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

5 ЕНГІЗІЛДІ: ҮШІНШІ БАСЫЛЫМ

6. Құжатты ҚАЙТА ҚАРАУ мерзімділігі 3 жылда 1 рет.
Құжатты кейінгі **ТЕКСЕРУ** – 2021 жыл.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	3-бет, 31 беттен тұрады

Мазмұны

1	Қолдану аясы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Негізгі терминдер және анықтамалар	4
4	Жазбалар және қысқартулар	4
5	Жауапкершілік	5
6	Жалпы ережелер	5
7	Магистрлік диссертация (жоба) құрылымына қойылатын талаптар	6
8	Реферат құрылымына қойылатын талап	7
9	Магистрлік диссертацияны (жобаны) рәсімдеу ережелері	8
10	Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға ұсыну	11
11	Магистрлік диссертацияны немесе магистрлік жобаны қорғау тәртібі	12
12	Өзгерістер	13
13	Келісім, сақтау және тарату	14
14	Қосымшалар	15
15	Келісу парағы	29
16	Танысу парағы	30
17	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	31



1 Қолдану аясы

- 1.1 Аталған ереже магистратураның барлық дайындық бағдарламалары бойынша магистрлік диссертацияның (жобаның) құрылымына, безіндіру ережесіне және қорғау тәртібін ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптарды анықтайды.
- 1.3 Ереже Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің білім алушы магистраттарына, магистранттардың ғылыми жетекшілеріне, кафедра меңгерушілеріне арналған.
- 1.2 Бұл ереже университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және менеджмент жүйесінің аудитін жүргізген кезде сертификаттау жөніндегі органдардың аудиторлары мен әріптес-клиенттерінен (олардың өтініші бойынша) басқа тараптарға көрсетілуге жатпайды.

2 Нормативтік сілтемелер


- 2.1 Бұл құжат нормативтік құжаттардың негізгі ережелеріне сәйкес жасалған:
 - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы ;
 - Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы;
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;
 - 2011 жылдың 20 сәуірінде №152 бекітілген Білім берудің кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру туралы Ереже (2018 жылғы 12 қазандағы түзетулерімен);
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы №583 бұйрығымен бекітілген (2018 жылғы 28 қыркүйектегі өзгертулерімен) оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесі.
 - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректорымен бекітілген магистранттардың ғылыми-зерттеу (эксперименталдық-зерттеу) жұмыстары туралы Ереже.

3 Негізгі терминдер және анықтамалар

- 3.1 **Магистр** – магистратураның білім бағдарламасын меңгергендерге берілетін дәреже;
- 3.2 **Магистрант** – магистратурада оқитын тұлға;
- 3.3 **Магистратура** – кемінде 60-120 академиялық кредиттер меңгеруге міндетті «магистр» дәрежесімен оқытуға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейін бағдарламасы;
- 3.4 **Магистрлік диссертация** - таңдап алынған білім беру бағдарламасының теориялық және/немесе практикалық әзірлемелерін қамтитын қазіргі ғылым мен техниканың теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген тәуелсіз ғылыми зерттеу болып табылатын магистранттың ғылыми және педагогикалық қорытынды жұмысы;
- 3.5 **Магистрлік жоба** - профильді магистратура магистрантының таңдап алған білім беру бағдарламасының өзекті мәселесін шешуге мүмкіндік беретін, теориялық және (немесе) экспериментальды нәтижелері бар тәуелсіз зерттеу болып табылатын қорытынды жұмысы;
- 3.6 **Магистранттың жеке жұмыс жоспары** – білім беру бағдарламасының негізінде ғылыми жетекшінің басшылығымен оқудың барлық кезеңінде өздігінен құрастырылатын білім алушының жұмыс жоспары.

4. Жазбалар және қысқартулар

АтМУ – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
УК – университеттік компонент;

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	5-бет, 32 беттен тұрады


ЖОО – жоғары оқу орны;
 МЖМБС- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты ;
 НҚ – негізгі құзыреттілік;
 ЭПК –элективтік пәндер каталогы;
 ҚР БжҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;
 МК – міндетті компонент;
 БББ – білім беру бағдарламасы;
 ЖОКБ - жоғары оқу орнынан кейінгі білім;
 ОӘК – оқу-әдістемелік кеңес;
 ҒТК – ғылыми-техникалық кеңес;
 СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;
 ЖОЖ – жеке оқу жоспары;
 МЖЖЖ – магистранттың жеке жұмыс жоспары;
 МҒЗЖ – магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы;
 МТЗЖ – магистранттың тәжірибелік-зерттеу жұмысы;

5 Жауапкершілік

5.1 Аталған ережені іске асыру мен орындауда жауапкершілік магистрлік диссертацияның ғылыми жетекшілеріне, кафедра меңгерушілеріне жүктеледі.

6 Жалпы ережелер

- 6.1 Магистранттың ғылыми-зерттеу және эксперименталды-зерттеу жұмыстарының соңғы нәтижесі магистрлік диссертацияларды дайындау бөлімдері бекіткен әдістемелік нұсқауларға сәйкес әзірленген магистрлік диссертация/магистрлік жоба болып табылады.
- 6.2 Магистрлік диссертация немесе жоба тақырыбы Ғылыми Кеңестің шешімімен магистрантқа бекітіліп беріледі және АТМУ-дің ректорының бұйрығымен бекітіледі.
- 6.3 Магистр дәрежесін алу үшін жазылатын магистрлік диссертация немесе магистрлік жоба нақты бағыт бойынша сараланған, бітірушінің дайындығын көрсететін, тиісті білім саласы бойынша ғылыми мәселелерді шешуге және оны шығармашылық тұрғыдан құру қабілеттілігін көрсететін маманданған ғылыми жұмыс болуы тиіс.
- 6.4 Диссертация / жоба тақырыбы ғылым үшін өзекті, аталған бағыт бойынша ғылымның қазіргі жағдайына сәйкес келуі және шығарушы кафедралардың ғылыми – зерттеу жұмыстарының жоспарларымен байланысты болуы тиіс.
- 6.5 Магистрлік диссертацияны (жобаны) ғылыми жетекшінің басшылығымен магистрант өз бетінше даярлауы тиіс. Магистранттарға ғылыми басшылықты ғылыми дәрежесі «ғылым кандидаты» немесе «ғылым докторы» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» немесе академиялық дәрежесі «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» немесе «философия докторы (PhD)» немесе «бейіні бойынша доктор» дәрежесі сұратылған бағытқа сәйкес келетін, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, уәкілетті орган ұсынған отандық ғылыми журналдарда және халықаралық рецензияланатын ғылыми басылымдарда соңғы бес жылда 10 ғылыми жарияланымның авторы болып табылатын, сондай-ақ кемінде екі оқулық не оқу құралы бар жетекші мамандар, оқытушылар жүзеге асырады. Керек болған жағдайда сыбайлас ғылым салалары бойынша ғылыми кеңесшісі тағайындалуы мүмкін.
- 6.6 Магистрлік диссертация немесе магистрлік жобаның ғылыми жетекшісі:
- магистрлік диссертацияны (жобаны) жазу үшін тапсырмалар береді;
 - магистрлік диссертацияны (жобаны) орындау барысы бойынша барлық кезеңге жеке жұмыс жоспарын және жұмыстың күнтізбелік кестесін әзірлеуде магистрантқа көмектеседі;

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	6-бет, 32 беттен тұрады

- магистрантқа тақырып бойынша негізгі әдебиеттер, анықтамалық және мұрағат материалдарын, үлгілік жобалар мен өзге де дерек көздерін ұсынады.

- кеңес беру кестесін белгілейді, кеңес өткізу кезінде магистранттың магистрлік диссертацияны (жобаны) орындауы бойынша күнтізбелік кестесінің сақталуына ағымдық бақылау жүргізеді.

- магистрлік диссертацияның барлық бөлімдерінің көлемін белгілейді және магистранттың жұмысын үйлестіруге көмектеседі.

6.7 Магистрлік диссертация немесе магистрлік жоба ғылым мен тәжірибенің қазіргі теорияларына, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген, ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін пайдалану жолымен орындалған, негізгі қорғалатын қағидалар бойынша ғылыми – зерттеу (әдістемелік, тәжірибелік) бөлімдерінен құралған, сәйкесінше білім салаларындағы озық халықаралық тәжірибеге негізделген, нақты тәжірибелік ұсынымдардан құралған болуы тиісті.

6.8 Магистрлік диссертацияның негізгі нәтижелері ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті* ұсынған журналдарда бір жарияланымда және бір жарияланым ғылыми-тәжірибиелік конференция материалдарында жариялануы тиісті. Бейіндік магистратурадағы магистранттар ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда немесе ғылыми журналдарда, ғылыми-тәжірибиелік конференция материалдарында бір жарияланымда болуы тиісті.

7 Магистрлік диссертация (жоба) құрылымына қойылатын талаптар

7.1 Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтері мыналар:


- мұқаба (нөмірленбейді, қосымша А);
- титулдық бет;
- мазмұны;
- нормативтік сілтемелер;
- анықтамалар, белгіленулер және қысқартулар;
- кіріспе;
- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- пайдаланылған деректер тізімі
- қосымша;

7.2 Титулдық бет магистрлік диссертацияның (жобаның) бірінші беті болып саналады және құжатты өңдеу мен іздеу үшін қажетті ақпарат көзі болып табылады. Титулдық бетке диссертация беттерінің жалпы нөмірленуі кіреді. Титулдық бетшеге бет саны қойылмайды. Титулдық бет Б - Қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

7.3 Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұнына кіріспе, реттік нөмірлер мен барлық бөлімдер атауы, шағын бөлімдердің, тармақтардың (егер олардың атауы бар болса) атауы, қорытынды, пайдаланылған дерек көздерінің тізімі және диссертацияның аталған элементтері басталатын беттерінің көрсетілуімен бірге қосымша кіреді. Магистрлік диссертацияның (жобаның) мазмұны В-Қосымшасына сәйкес рәсімделеді.


7.4 «Нормативтік сілтемелер» құрылымдық элементі диссертация мәтініндегі сілтемелер берілген стандарттар тізімінен тұрады. Сілтемелер жасалатын стандарттар тізімі мынадай сөздерден басталады: «Осы магистрлік диссертацияда (магистрлік жобада) келесі стандарттарға сілтемелер пайдаланылған ...». Тізімге стандарттардың таңбалануы және таңбалауларды тіркеу нөмірінің өсу тәртібімен олардың атауы кіреді.

7.5 «Анықтама» құрылымдық элементі магистрлік диссертациядағы (магистрлік

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	7-бет, 32 беттен тұрады

жобадағы) терминдерді нақтылау немесе белгілеу үшін қажетті анықтамадан тұрады. Анықтамалар тізімі: «Осы магистрлік диссертацияда (магистрлік жобада) сәйкес анықтамалар бойынша келесі терминдер қолданылады» деген сөздерден басталады.

- 7.6 «Белгіленулер және қысқартулар» құрылымдық элементі магистрлік диссертацияда (жобада) пайдаланылатын белгілеу және қысқартулар тізімінен тұрады. Белгіленулер мен қысқартулар жазбалары диссертация мәтінінде сөздердің қажетті мағынасын ұғындыру және түсіндіру тәртібімен жүргізіледі. Анықтаманы, белгілеуді және қысқартуларды «Анықтамалар, белгіленулер және қысқартулар» деп, бір құрылымдық элементте көрсетуге рұқсат етіледі.
- 7.7 Кіріспеде тақырыптың өзектілігі мен жаңалығы, зерттеудің мақсаты мен міндеттері, зерттеу әдістері, ғылыми және тәжірибелік маңыздылығы, ғылыми жаңашылдығы, аталған жұмыстың басқа да ғылыми – зерттеу бағдарламаларымен байланысы, ғылыми – зерттеу жұмыстарын тұтастай орындаудағы олардың орны, қорғауға шығарылатын ұстанымдар көрсетілуі тиісті.
- 7.8 Диссертацияның негізгі бөлімінде орындалған жұмыстың маңызын, әдістемесі мен негізгі нәтижелерін көрсететін мәліметтер көрсетіледі.
- 7.9 Негізгі бөлім мыналардан тұруы тиіс:
- зерттеу бағытын таңдау және оны негіздеу, міндеттерді шешу және оларды салыстырмалай бағалау әдістері, жұмысты жүргізудің таңдалған бағыты бойынша жалпы әдістемелерін сипаттау;
 - теориялық зерттеулердің сипаты мен мазмұнын қоса алғанда теориялық және (немесе) эксперименттік, жобалық зерттеулер үдерісі, зерттеулер әдістері, есептеу әдістері, эксперименттік, жобалық жұмыстар жүргізу қажеттігін негіздеу, әзірленген объектілердің қолданылу принциптері, олардың сипаттамалары.
 - зерттеу нәтижелерін жинақтау мен бағалау және жұмыстың алдағы бағыттары бойынша ұсыныс, алынған нәтижелердің сенімділігін бағалау, отандық және шетелдік тәжірибелердің нәтижелерімен оларды салыстыру;
 - әрбір тарау, бөлім бойынша қысқаша қорытындылар.
- 7.10 Қорытынды мыналардан тұруы тиіс:
- диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша қысқаша қорытынды;
 - қойылған міндеттердің толық шешімінің бағасы;
 - нақты нәтижелерді пайдалану бойынша шығыс мәліметтер мен ұсыныстар шығару;
 - аталған саладағы ең жақсы жетістіктермен салыстыра отырып, орындалған жұмыстың техникалық – экономикалық деңгейін бағалау.
- 7.11 Пайдаланылған деректер тізімі магистрлік диссертацияны немесе магистрлік жобаны жазу кезінде пайдаланылған дерек көздер туралы мәліметтерден тұруы тиіс (Г-Қосымшасы).
- 7.12 Қосымшаға диссертациялық жұмысты (жобаны) орындау барысында қандай да бір себептермен негізгі бөлімге кірмей қалған материалдарды енгізу ұсынылады (патенттер, енгізу актілері және т.б.).
- 8 Реферат құрылымына қойылатын талап**
- 8.1 Жүргізілген зерттеу рефераты магистрлік диссертация (жоба) орындалған тілде рәсімделеді және оған магистрантпен қол қойылады. Реферат көлемі 16 бетті құрайды (К -Қосымшасы).
- 8.2 Магистрлік диссертация (жоба) рефераты келесідей мәліметтерді қамтуы тиісті:
- зерттеу өзектілігі;
 - зерттеу мақсаты;
 - зерттеу нысаны;

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	8-бет, 32 беттен тұрады

- зерттеу әдістері;
- алынған нәтижелері, олардың жаңашылдығы, ғылыми және тәжірибелік маңызы;
- диссертацияның құрылымы және көлемі;
- безендірудің, кестелердің (егер олар бар болса), пайдаланылған әдебиеттер көздерінің саны;
- түйін сөздердің саны (15-16 сөз);
- жарияланымдар туралы мәлімет.

8.3 Түйіндеме 2 тілде (екінші және ағылшын тілі) рефераттың жеке парағында рәсімделеді.

9 Магистрлік диссертацияны (жобаны) рәсімдеу ережелері

9.1 Жалпы талаптар

9.1.1 Магистрлік диссертация (жоба) мәтінінің мазмұны осы Ереженің талаптарына сәйкес орындалады. Магистрлік диссертация (жоба) мәтінінің беттері мен оған енгізілетін безендіру мен кестелер А4 пішініндегі форматқа сәйкес келуі тиісті.

9.1.2 Магистрлік диссертация А4 форматтағы ақ парақтың бір бетіне басылып, келесі қалыпты сақтай отырып орындалуы тиіс: қаріп (шрифт) – Times New Roman KZ, кегіл – 14; жазылу тұрпаты: қалыпты. Магистрлік диссертацияның мәтіні беттер өрісінің келесідей аумақтарын сақтай отырып басылуы тиіс: оң жақ шекара - 10мм, жоғарғы жағы – 20 мм, сол жақ – 30 мм және төменгі жағы-20мм. Өріс бойынша туралау: көлденеңнен, шегініс: 1,25 см., аралық: қарапайым.

9.1.3 Магистрлік диссертация беттерінің көлемі қосымшаны есепке алмағанда гуманитарлық мамандықтар үшін 60-70 беттен, жаратылыстану және техникалық мамандықтар үшін 50-55 беттен кем болмауы тиіс. Бейіндік магистратура үшін магистрлік жоба көлемі 50 беттен артық емес болуы тиісті.

9.1.4 Арнайы терминдерді, формуларды, теоремаларды ерекшелеп көрсету үшін арнайы қаріптерді пайдалана отырып, түрлі мақсаттағы компьютерлік мүмкіндіктерді қолдануға рұқсат етіледі.

9.1.5 Азаматтың тегі, мекеменің, ұйымның, фирманың атауы, бұйымдар атаулары, диссертациядағы (жобадағы) өзге де атаулар түпнұсқадағы тілде келтіріледі

9.1.6 Өз атын транслитерлеуге және ұйымның атын, түпнұсқа атын (бірінші ескертуде) қосу жолымен диссертация тіліндегі аудармада келтіруге болады.

9.2 Магистрлік диссертацияның құрылуы

9.2.1 Магистрлік диссертацияның құрылымдық элементтерінің атауы – «Мазмұны», «Нормативтік сілтемелер», «Анықтамалар», «Белгіленулер және қысқартулар», «Кіріспе», «Қорытынды», «Пайдаланылған деректер тізімі» - диссертацияның құрылымдық элементтерінің тақырыптары болып табылады.

9.2.2 Құрылымдық элементтердің тақырыптарын жаңа жолдан шегініс жасамай, бас әріптермен, нүкте қоймай басқан жөн.


9.2.3 Бөлімдердің, шағын бөлімдердің және тармақтардың тақырыптарын жаңа жолдан шегініс жасап, соңына нүкте қоймай, ерекшелемей, бас әріптермен басу қажет. Егер тақырып екі сөйлемнен тұратын болса, оларды нүктемен бөледі. Тақырыптардағы сөздерді ауыстыруға рұқсат етілмейді.

9.2.4 Магистрлік диссертацияны немесе магистрлік жобаны басып шығару кезінде шағын бөлімдердің тақырыптарын «қою» қаріппен ерекшелеу қажетті.

9.2.5 Мәтін мен құрылымдық элементтер тақырыптарының, тараулар, тармақшалар мен тармақтардың арасында «бос жол» қалады.


9.3 Магистрлік диссертация (жоба) беттерін нөмірлеу

9.3.1 Магистрлік диссертацияның беттерін, диссертацияның бүкіл мәтінінің толассыз

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	9-бет, 32 беттен тұрады

нөмірленуін сақтай отырып, араб цифрларымен (кегіл 12) нөмірлеу қажет. Беттердің нөмірі беттің төменгі бөлігінің ортасына нүктесіз қойылады.

- 9.3.2 Титулдық бет беттердің жалпы санына кіреді. Титулдық бет нөмірленбейді.
- 9.3.3 Жекелеген беттерде орналасқан безендірулер мен кестелер диссертация беттерінің жалпы нөміріне кіреді.
- 9.3.4 А3 формат парағындағы безендірулер, кестелер бір бет ретінде есепке алынады.
- 9.4 Магистрлік диссертацияның бөлімдерін, шағын бөлімдерін, тармақтарын, тармақшаларын нөмірлеу**
- 9.4.1 Магистрлік диссертация бөлімдері бүкіл құжат шегінде нүктесіз араб цифрларымен таңбаланған және жаңа жолдан шегініспен жазылған реттік нөмірге ие болуы керек. Шағын бөлімдер әрбір бөлім шегінде нөмірлерге ие болуы тиіс. Бөлімнің нөмірі бөлімнің және нүктемен бөлінген шағын бөлімнің нөмірлерінен тұрады. Бөлімдер, шағын бөлімдер сияқты бір немесе бірнеше тармақтардан тұруы мүмкін.
- 9.4.2 Егер құжат шағын бөлімнен тұрмаса, ондағы тармақтардың нөмірленуі әрбір бөлім шегінде болуы тиіс және тармақ нөмірі бөлім мен нүктемен бөлінген тармақтың нөмірлерінен тұруы тиіс. Тармақ нөмірінің соңында нүкте қойылмайды. Егер құжаттың шағын бөлімдері болса, онда тармақтардың нөмірленуі шағын бөлімнің шегінде болуы тиіс және тармақтың нөмірі бөлімнің, шағын бөлімнің және нүктелермен бөлінген тармақтың нөмірлерінен тұруы тиіс.
- 9.4.3 Егер мәтін тармақтарға ғана бөлінетін болса, онда олар бүкіл магистрлік диссертация жұмысының шегінде реттік нөмірлермен нөмірленеді.
- 9.4.4 Тармақтар қажет болған кезде әрбір тармақ шегінде реттік нөмірге ие болуы тиіс немесе тармақшаларға бөлінуі мүмкін, мысалы: 4.2.1.1, 4.2.1.2 және т.б.
- 9.4.5 Магистрлік диссертацияның немесе магистрлік жобаның әрбір құрылымдық элементін жаңа парақтан (беттен) бастау керек.
- 9.4.6 Магистрлік диссертация (жоба) құрамына кіретін беттер мен қосымшалар нөмірлері толассыз нөмірленуі тиіс.
- 9.5 Безендіру**
- 9.5.1 Магистрлік диссертацияда немесе магистрлік жобада безендіруді (сызулар, карталар, кескіндер, сызбалар, диаграммалар, фотосуреттер) бірінші айтылатын мәтіннен кейін тікелей немесе келесі бетте орналастыру қажет. Безендірулер компьютер көмегімен орындалуы, сонымен бірге, түрлі - түсті түрде орындалуы мүмкін. Диссертацияда барлық безендірулерге сілтеме берілуі тиіс.
- 9.5.2 Безендіру «Сурет» сөзімен таңбаланады. Егер сурет біреу болса, онда ол «1 - сурет» болып таңбаланады. «Сурет» сөзі мен оның атауы беттің ортасында орналасады (кегіл 14). Безендірулердің нөмірленуі магистрлік диссертация шегінде толассыз (араб цифрларымен таңбаланады). Мәтінде әрбір безендіруге сілтемелер беру міндетті. Безендірулерге сілтемелер жасау кезінде «.....1 - суретке сәйкес» деп жазған қажетті.
- 9.6 Кестелер**
- 9.6.1 Сандық (цифрлық) материал ереже бойынша кесте түрінде рәсімделеді. Кестелерді рәсімдеу мысалы 1 суретте келтірілген.
- 9.6.2 Кестені ауыстыру кезінде тақырыптан кейінгі жолға кесте нөмірі көрсетіле отырып қосылуы тиіс. Кестені жалғастырғанда оның атауы тасымалданбайды, бірақ нөмірі көрсетіледі.
- 9.6.3 Диссертацияда барлық кестелерге сілтемелер жасалынуы тиіс. Сілтеме жасау кезінде оның нөмірі көрсетіле отырып «кесте» сөзін жазған тиісті.
- 9.6.4 Жолдар саны көп кестені келесі параққа (бетке) ауыстыруға рұқсат етіледі. Кестенің бір бөлігін келесі параққа (бетке) ауыстыру кезінде «Кесте» сөзі мен оның нөмірін кестенің бірінші бөлігінің үстінен, оң жағынан бір рет көрсетеді, қалған бөліктерінің

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	10-бет, 32 беттен тұрады

үстінде «Жалғасы» сөзі жазылады және кестенің нөмірін көрсетеді, мысалы: «1 кестенің жалғасы». Кестені өзге параққа (бетке) ауыстыру кезінде тақырып оның бірінші бөлігінің үстінде ғана орналасады.

1 кесте – Абсолютті дені сау адамның мінсіз биологиялық жасының көрсеткіштері

Биологиялық жасы	25 жас	35 жас	45 жас	55 жас	65 жас
Қан құрамындағы глюкоза, литрдегі миллимоль	4,5	4,65	4,8	5	5,3
Өкпе көлемінің дене саламағына қатынасы, 1 кг салмаққа миллилитрлер	60	55	50	44	38
Қан құрамындағы холестерин, литрдегі миллимоль	4,6	5,1	5,6	6,4	7,2

1- сурет – Кестені толтыру үлгісі

9.6.5 Қосымшадағы кестелерді қоспағанда, кестелерді толассыз нөмірлеу арқылы араб цифрларымен нөмірлеген тиіс.

9.6.6 Тақырыптар мен кестелердің жолдарын жекеше түрде бас әріптермен жазу керек (кегль 14), егер олардың тақырыбы бір сөйлемді құраса, тақырыпшаларды – кіші әріптермен, егер олар дербес мәнге ие болса, бас әріптермен жазу керек. Кестелердің тақырыптары мен тақырыпшаларының соңынан нүкте қойылмайды.

9.7 Формулалар мен теңдеулер

9.7.1 Формулалар мен теңдеулерді мәтіннен бөлек жолда бөліп көрсеткен ләзім. Әрбір формула немесе теңдеудің жоғары және төмен жағынан кем дегенде бір бос жол қалдырылуы тиіс. Егер теңдеу бір жолға сыймаса, онда ол теңдік белгісінен кейін (=) немесе қосу (+), алу(-), көбейту (x), бөлу (:) немесе өзге де математикалық белгілерден кейін тасымалдануы тиіс әрі белгі келесі жолдың басында қайталанады.

9.7.2 Формулаларды бүкіл диссертация шегінде араб цифрларымен жолдың оң жақ ортасынан дөңгелек жақшалармен реттік нөмірлермен нөмірлеген ләзім. Формулаларды диссертация бөлімдері шегінде нөмірлеуге болады. Бұл жағдайда формула нөмірлері бөлімнің нөміріне сәйкес белгіленген формула нөмірі ретінде сәйкес қойылып, нүктемен бөлінеді.

Мысалы:

$$\int_a^b f(x)dx = F(b) - F(a) \quad (1.1)$$

9.7.3 Формулалар формула редакторінде теріліп, келесі өлшемдерге сай болуы қажет:

Қарапайым: 14

Ірі индекстер: 9


Кіші индекстер: 7

Ірі символдар: 30


Кіші символдар: 14

9.8 Қолданылған деректер тізімі


9.8.1 Диссертация немесе жобаны жазу барысында пайдаланылған деректер көздеріне сілтемелер беруге міндетті.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	11-бет, 32 беттен тұрады


- 9.8.2 Дерек көзі туралы мәліметті мәтін бойынша дерек көздеріне сілтемелерді пайдалану тәртібінде орналастыру қажет және араб цифрларымен нөмірлен, жаңа жолдан шегініс жасаусыз орналастыруға тиісті
- 9.8.3 Пайдаланылған дерек көздеріне сілтеме жасауды квадрат жақшаларда келтірген ләзім [5,7-6]. Бір дерек көзіне бірнеше рет сілтеме жасалған кезде квадрат жақшаларда дерек көзінің реттік нөмірінен өзге тиісті бет қойылады. БАҚ ақпараттарын пайдалану кезінде квадрат жақшаларда дерек көзінің нөмірі ғана көрсетіледі.
- 9.8.4 Стандарттар мен техникалық шарттарға сілтемелер жасау кезінде олардың мәні ғана көрсетіледі, бұл ретте пайдаланылған дерек көздері тізімде стандарттың толық сипаттамасы болған жағдайда олардың бекітілген жылын көрсетпеуге рұқсат етіледі (Г- Қосымшасы).
- 9.9 Қосымша**
- 9.9.1 Қосымшаны аталған магистрлік диссертацияның жалғасы ретінде оның қосымша парақтарында (бет) рәсімдейді.
- 9.9.2 Диссертация мәтінінде барлық қосымшаға сілтемелер берілуі тиіс. Қосымша диссертация мәтінінде оған берілген сілтемелер тәртібімен орналасады.
- 9.9.3 Әрбір қосымшаны, беттің оң жақ жоғарғы бұрышына «Қосымша» сөзін көрсету жолымен жаңа беттен бастаған жөн.
- 9.9.4 Қосымшаның тақырыбы болуы тиіс және ол бас әріптермен бөлек жолда мәтінге қатысты симметриялы түрде жазылады.
- 9.9.5 Қосымшалар Ё, З, Й, О, Ч, Ы, Ъ әріптерін қоспағанда, қазақ әліппесінің А әрпімен бастап бас әріптерімен белгіленіп жазылады. «Қосымша» сөзінен кейін өзіндік ретпен әріптер жалғасады.
- 9.9.6 Қосымша жалпы құжаттың қалған бөлігі ретінде толықтай нөмірленуі тиіс.
- 10 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға ұсыну**
- 10.1 Магистерстерлік диссертация / жоба АтМУ Ережесіне сәйкес білім алушылардың жазба жұмыстарын тексеруге арналған «Антиплагиат» жүйесінен міндетті түрде тексеруден өтеді.
- 10.2 МҚА-ға рұқсат алу үшін магистрант шығарушы кафедрада магистрлік диссертация бойынша алдын-ала қоғаудан өтуі шарт. Кафедра «қорғауға жіберілді» немесе «қорғауға жіберілмейді» деген қорытынды шығаруы тиісті.
- 10.3 Магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау ғылыми жетекшінің оң пікірі болуымен жүргізіледі. Егерде ғылыми жетекші және/немесе кафедра «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынылмайды» теріс қорытынды қалыптастырса, магистрант магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғамайды.
- 10.4 Магистрлік диссертация бойынша кафедра өкімімен ғылым докторы, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі немесе мамандық бойынша PhD докторы академиялық дәрежесі бар ресми сыртқы рецензент тағайындалады.
- 10.5 Магистрлік диссертация бойынша тағайындалған ресми рецензенттің жұмыс орны, атқаратын қызметі, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы мен қорғалатын диссертация бағыты бойынша негізгі жарияланымдары (кем дегенде 3 жұмыс) көрсетіле отырып, факультет деканының оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі негізінде бекітіледі.
- 10.6 Ресми сыртқы рецензент магистрлік диссертацияны немесе магистрлік жобаны қарап шығып, оның негізінде сәйкес мамандық бойынша магистр академиялық дәрежесін беру немесе бермеу мүмкіндіктерін көрсете отырып, дәлелді қорытындылармен рецензия береді (Д - Қосымшасы).
- 10.7 Ресми сыртқы рецензенттің рецензиясының берілген мерзімі көрсетіліп, рецензент қол қояуы тиіс. Рецензенттің қолы ұйымның кадрлар бөлімі бастығының қолымен

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	12-бет, 32 беттен тұрады


- расталуы (рецензенттің жұмыс орны) және елтанбалы мөр басылуы тиіс.
- 10.8 Магистрлік диссертация (магистрлік жоба) міндетті түрде қорғау алдында бір ай бұрын АтМУ-дың сапа менеджменті қызметінде норма бақылаудан тексеруден өтуі тиісті.
- 10.9 Магистрлік диссертация немесе магистрлік жоба АтМУ шығарушы кафедрасында алдын-ала қорғаудан өткеннен кейін, кафедрада құрылған сараптамалық комиссиясынан сараптамадан өтеді.
- 10.10 Сараптамалық комиссия құрамына отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда соңғы 5 жыл көлемінде қорғалатын диссертация бағыты бойынша екі немесе одан да көп жарияланымдары бекітілген, мамандық бойынша біліктілігі жоғары, МАК құрамына кірмейтін кем дегенде үш маман бекітілуі тиіс.
- 10.11 Магистрлік диссертацияны қорғауға дейін бір ай мерзім қалғанда сараптамалық комиссияға мынадай құжаттар табыс етіледі:
- аяқталған магистрлік диссертация (жоба);
 - Ғылыми кеңестің диссертация тақырыбын бекіткені туралы шешімінің көшірмесі;
 - транскрипт;
 - магистрлік диссертация рефераты;
 - белгіленген тәртіпте куәландырылған ғылыми жарияланымдардың және олардың көшірмелерінің тізімі (Е - Қосымшасы);
 - плагиат жүйесінде тексеруден өтуі туралы анықтама.
- 10.12 Сараптамалық комиссия белгіленген үлгіде келесі шешімдердің бірімен негізделген жазбаша қорытынды береді:
- 1) диссертацияны/жобаны көпшілік алдында қорғауға ұсыну;
 - 2) белгіленген мерзім ішінде ескертулерді жойған жағдайда диссертацияны көпшілік алдында қорғауға ұсыну;
 - 3) диссертацияны қорғауға ұсынбау (Ж-Қосымшасы)
- 11 Магистрлік диссертацияны немесе магистрлік жобаны қорғау тәртібі**
- 11.1 Диссертацияны/жобаны қорғау АтМУ-де құрылатын сәйкес мамандықтар бойынша МАК отырысында жүзеге асырылады.
- 11.2 Магистрлік диссертация/жоба қорғау бойынша МАК отырысы оның төрағасының басшылығымен өткізіледі.
- 11.3 МАК сараптамалық комиссия қорытындысы негізінде магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберуге келесідей тізімдегі құжаттар болған жағдайда ғана қабылдайды :
- жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық орталығынан жеке жұмыс жоспарының орындалғаны туралы анықтама (З - Қосымшасы);
 - ғылыми жетекшінің пікірі (И- Қосымшасы);
 - магистрлік диссертацияға (жобаға) сыртқы ресми рецензентінің сын-пікірі.
- 11.4 МАК-ке магистрлік диссертацияның ғылыми және тәжірибелік құндылығын сипаттайтын өзге де материалдар, ресми емес пікірлер, магистрлік диссертация бағыты бойынша тәжірибелік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардан жазбаша қорытындылар, ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу актілері немесе анықтамалары, макеттер және т.б.табыс етілуі мүмкін.
- 11.5 Магистрлік диссертацияны қорғау оның мүшелерінің кем дегенде 2/3-нің қатысуымен МАК-ң ашық отырысында өткізіледі.
- 11.6 Магистрлік диссертацияны қорғау кезінде ғылыми жетекші мен рецензенттің МАК-ң отырыстарына қатысуы және сөз сөйлеуі міндетті шарт болып табылады.
- 11.7 Магистранттың 20 минуттан аспайтын баяндама жасауы, зерттеу мақсаты мен

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	13-бет, 32 беттен тұрады

- міндеттерін қысқа және анық сипаттауы, аса маңызды қағидаларды баяндауы, қорытындылар мен ұсыныстарды негізделген түрде дәлелдеуі қажет.
- 11.8 Магистрлік диссертацияны бағалау кезінде келесі жағдайлар ескеріледі:
- тақырыптың өзектілігі;
 - алынған нәтижелердің жаңалығы;
 - жұмыста жаңа технологияларды қолдану;
 - әдеби шолудың толықтылығы және пайдаланылған дерек көздерінің қазіргі заманға сай болуы;
 - ұсынылған рәсімдеу талаптарына сәйкестігі;
 - диссертация қорғаудағы баяндаманың сапасы (дәлдік, сауаттылық, кәсіптік терминдерді пайдалана білу, көрсетілетін материалдың сапасы және т.б.);
 - қорғау уақытында берілген сұрақтарға және рецензенттің ескертпесіне жауаптардың дұрыстығы мен толықтығы.
- 11.9 Әрбір магистрантқа МАК отырысының хаттамалары жүргізіледі және оны белгіленген үлгі бойынша хатшы толтырады.
- 11.10 МАК отырысы хаттамаларының бүкіл бланкілері МАК жұмысы басталғанға дейін магистранттардың қорытынды аттестациясының әрбір үлгісі бойынша бөлек кітаптармен нөмірленуі, бау өткізілуі және мөр басылуы тиіс.
- 11.11 Магистрлік диссертацияны бағалау туралы, сондай-ақ академиялық дәреже беру және мемлекеттік үлгідегі диплом беру (ерекше үлгідегі, қарапайым) туралы шешімді жабық отырыста жасырын дауыс берумен отырысқа қатысушы комиссия мүшелерінің қарапайым түрде басым көпшілік дауыстарымен МАК қабылдайды.
- 11.12 Хаттамаларға төраға мен отырысқа қатысушы мемлекеттік аттестаттау комиссиясы мүшелері қол қояды.
- 11.13 Диссертациялық жұмысты (жобаны) қорғау нәтижелері оларды өткізу күні хабарланады.
- 11.14 Диссертация (жобаны) қорғау нәтижелері бойынша магистр дәрежесін беру туралы шешім қабылданады.
- 11.15 Жариялы түрде магистрлік диссертация қорғаған магистрантқа сәйкес мамандығы бойынша магистр академиялық дәрежесі және мемлекеттік үлгідегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом қосымшасымен (транскриптен) беріледі.
- 12 Өзгерістер**
- 12.1 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер мен толықтырулар оқу ісі жөніндегі проректордың рұқсатымен ғана жүзеге асырылады және қолымен рәсімделеді. Түпнұсқаға өзгерістер мен толықтырулар Нұсқаулықтарды әзірлеу тәртібі туралы Ереженің талаптарына сәйкес жасалады.
- 12.2 Ғылым департаментінің директоры түпнұсқалық және есептік жұмыс көшірмелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін жауап береді.
- 12.3 Нұсқаулық кем дегенде үш жылда бір рет қаралады. .
- 12.4 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізудің негіздемелері:
- заң күшіне жаңадан енгізілген өзгертулер мен толықтырулар;
 - ректордың бұйрығы;
 - құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлу;
 - құрылымдық бөлімшелерді қайта құру.
- ҚББ мен ҒЖП-дің рұқсат етілген, өзгертулердің себептері көрсетілген қызметтік хаты.
- 12.5 Ұйымның немесе құрылымдық бөлімнің атауын өзгерту кезінде Ережені ауыстыру қажет.
- 12.6 Ауыстырылған жағдайда, Университеттегі жарамсыз ережелердің барлық

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	14-бет, 32 беттен тұрады

- көшірмелері алып тасталып, жаңадан ауыстырылуы қажет.
- 12.7 Ескірген, күшін жойған Ережелерді жинап алуға және жаңасымен ауыстыруға құрылымдық бөлімшелердің басшылары және СМЖ қызметі жауапты.
- 13 Келісім алу, сақтау және тарату**
- 13.1 Қазақстан Республикасы нормативті-құқықтық актілері талаптарына сай жасалуын СМЖ қызметі жүзеге асырады.
- 13.2 Ережені ҚББ дайындап, жасайды.
- 13.3 Ереже келісімімен жасалады:
- ОІЖП;
 - СМЖ қызметімен;
 - заң қызметінің жетекшісімен.
- 13.4 Ережені ректор бекітеді және оның күшін жоюына дейін қолданыста болады..
- 13.5 Ереженің түпнұсқасы СМЖ қызметінде сақталады.
- 13.6 Ереженің тіркеуге алынған жұмыс даналарын тиісті бөлімдерге жеткізуді СМЖ қызметі жүргізеді.
- 13.7 Құрылымдық бөлімдегі Ережелердің тіркеуге алынған жұмыс даналарын сақтауға ҚББ жауапты.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	15-бет, 31 беттен тұрады

Қосымша А

Титулдік бетті рәсімдеудің үлгісі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

ОӘЖ 574.57.04

Қолжазба құқығында


БЕРДІҒАЛИЕВА АЙЖАН КЕҢЕСҚЫЗЫ

Атырау облысының өсімдіктер жамылғысының сукцессиялық үдерістерін зерттеу

6M060700-Биология

Жаратылыс ғылымдары/жаратылыстану магистрі дәрежесін алу үшін дайындалған магистрлік
диссертация/магистрлік жоба

Атырау 2019 ж

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	16-бет, 31 беттен тұрады

Қосымша Б

Магистрлік диссертацияның титулдік бетшесін рәсімдеу үлгісі

Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қорғауға жіберілді:

Факультет деканы

_____ Т.А.Ә.

(қолы)

« ____ » _____ 20__ ж.

Магистрлік диссертация/Магистрлік жоба

**АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӨСІМДІКТЕР ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ СУКЦЕССИЯЛЫҚ
ҮДЕРІСТЕРІН ЗЕРТТЕУ**

мамандық: 6М060700-Биология
(ғылыми-педагогикалық немесе бейіндік бағыт)

Магистрант

(қолы)

(аты, тегі)

Ғылыми жетекші,
биология ғылымының докторы

(қолы)

(аты, тегі)

Кафедра меңгерушісі

(қолы)


(аты, тегі)

Норма-бақылау

(қолы)

(аты, тегі)

Атырау 2019 ж


 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	17-бет, 31 беттен тұрады

Қосымша В

Жұмыстың мазмұны рәсімдеудің үлгісі

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1	
1.1.....	7
1.2.....	14
1.3.....	21
2	
2.1.....	27
2.2.....	34
2.3.....	42
3	
3.1.....	50
3.2.....	56
3.3.....	62
ҚОРЫТЫНДЫ.....	67
ҚОЛДАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ.....	69
ҚОСЫМША.....	71

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	18-бет, 31 беттен тұрады

Қосымша Г

Қолданылған деректер тізімін рәсімдеудің үлгісі

Деректер туралы мәліметті мәтінге белгіленген тәртіппен сілтеме жасау, нүктесіз араб сандарымен нөмірлеу және азат жолдан бастап шығару арқылы жүзеге асыру керек. Қолданылған деректерге сілтемелер тік жақшаның ішіне алынып қойылуы тиісті.

Журналдар

1 Абуова Г.Н., Лизинфельд И.А. Әлемдегі және Оңтүстік Қазақстандағы облысындағы ЖИТС-індетінің ауқымдары // Оңтүстік Қазақстандағы Білім және ғылым. – 2009. – № 1 (74). – С. 135-139.

Кітаптар

1 Агафонова Н.Н. Азаматтық құқық: ЖОО арналған оқу құралы / А.Г. Калпина редакциясында. – Басылым. 2-і. – М.: Юрист, 2003. – 542 б.

2 Надиров Н.К. Высоковязкие нефти и природные битумы: в 5 т. – Алматы: Ғылым, 2001. – Т. 4. – 369 с.

Жинақтар

1 Паржанов Ж.А., Моминов Х., Жигитеков Т.А. Товарные свойства каракуля при разном способе консервирования // Научно-технический прогресс в пустынном животноводстве и аридном кормопроизводстве: матер. междунар. науч.-практ. конф., посв. 1500-летию г. Туркестан. – Шымкент, 2000. – С.115-120.

Құқықтық материалдар

1 Постановление Правительства Республики Казахстан. Об утверждении Плана первоочередных действий по обеспечению стабильности социально-экономического развития Республики Казахстан: утв. 6 ноября 2007 года, № 1039 // ИС ПАРАГРАФ. – 2009, октябрь – 20.

Патенттік құжаттар

1. Приемопередающие устройства / Чугаева В.И.; заявитель и патентообладатель Воронеж. науч.-исслед. ин-т связи. – № 200131736/09; заявл. 18.12.00; опубл. 22.08.02, Бюл. № 23 (II ч.). – 3 с.


Газеттер

1 Байтова А. Инновационно-технологическое развитие – ключевой фактор повышения конкурентоспособности // Казахстанская правда. – 2009. – № 269.

2 Кузьмин Николай. Универсальный солдат. «Эксперт Online» <http://www.nomad.su> 13.10.2009.

Стандарт (МЕМСТ)

1 ГОСТ 10749.1-80. Спирт этиловый технический. Методы анализа. – Взамен ГОСТ 10749-72 ; введ. 01.01.82 до 01.01.87. – М. : Изд-во стандартов, 1981. – 4 с.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	19-бет, 31 беттен тұрады

Электрондық ресурстар

1 Российская государственная библиотека [Электронный ресурс] / Центр информ. технологий РГБ ; ред. Власенко Т. В. ; Web-мастер Козлова Н. В. – Электрон. Дан. – М.: Рос. гос. б-ка, 1977 – . – Режим доступа: <http://www.rsl.ru>, свободный. – Загл. с экрана.

Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есептер


1 Формирование и анализ фондов непубликуемых документов, отражающих состояние науки Республики Казахстан: отчет о НИР (заключительный) / НЦ НТИ: рук. Сулейменов Е. З.; исполн.: Кульевская Ю. Г. – Алматы, 2008. – 166 с. – № ГР 0107РК00472. – Инв . № 0208РК01670.

Диссертациялар

1 Хамидбаев К.Я. Каракульские смушки Казахстана и некоторые факторы, обуславливающие их изменчивость: автореф. к. с.-х. н.: 06.02.01. – Алма-Ата: Атамура, 1968. – 21 с.

Қолжазбаның сақталуы

1 Разумовский В.А. Управление маркетинговыми исследованиями в регионе / Институт экономики. – Алматы, 2000. – 116 с. – Деп. в КазгосИНТИ 13.06.2000. – № Ка00144.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	20-бет, 31 беттен тұрады

Қосымша Г-2

Ағылшын тіліндегі әдебиеттер тізімін және сілтемелерді рәсімдеу

Әдебиеттер тізіміндегі барлық деректерге сілтемелер мәтінде болуы тиісті.

Текстегі және әдебиеттер тізіміндегі сілтемелерді APA, Chicago, MLA және т.б. дәйексөздер стандарттарының біріне сәйкес безендірілуі қажетті.

Нұсқамалар мен ескертпелердің безендірілуі

- Әр беттік сілтемелерді қолданудан аулақ болыңыз. Ескертпелердің орналасуы деректер көздерінен кейін орналасқан жеке «Ескертпе» (Note) бөлімде болуы тиіс. Мәтіндегі ескертпелерге сілтемелер дөңгелеу жақшамен безендіріледі: (ескертпе 1).

Әдебиеттер көздерінің тізімін безендірудің үлгісі (егер мақала келесі аударма үшін орыс тілінде берілсе, сілтемелерді MEMCT-қа сәйкес немесе snoska.info ресурсының көмегі арқылы көрсетуге болады.

Сілтемелерді APA стилінде безендіру үлгісі:

(Тегі, жылы).

Әдебиеттер тізіміндегі сілтемелерді безендіру үлгісі:

Журналдан алынған мақала (басылған)

Ouyang, D., J. Bartholic and J. Selegean, 2005. Assessing Sediment Loading from Agricultural Croplands in the Great Lakes Basin. *Journal of American Science*, 1(2): 14-21.

Журналдан алынған мақала (электрондық)

Shakhov, D.A. and A.A. Panasenko, 2012. Evaluating Effectiveness of Bank Advertising in the Internet: Theory and Practice. *World Applied Sciences Journal*, 18(Special Issue of Economics). Date Views 10.06.2013 [www.idosi.org/wasj/wasj18\(Economics\)12/13.pdf](http://www.idosi.org/wasj/wasj18(Economics)12/13.pdf).

Кітаптар

Durbin, R., S.R. Eddy, A. Krogh and G. Mitchison, 1999. *Biological Sequence Analysis: Probabilistic Models of Proteins and Nucleic Acids*. Cambridge University Press, pp: 356.

Авторы жоқ кітаптар

Business: The Ultimate Resource, 2012. Eksmo.

Кітаптардың тараулары


Leach, J., 1993. Impacts of the zebra mussel (*Dreissena polymorpha*) on water quality and fish spawning reefs of Western Lake Erie. In *Zebra mussels: biology, impacts and control*, Eds., Nalepa, T. and D. Schloesser. Ann Arbor, MI: Lewis Publishers, pp: 381-397.

Есеп

Makarewicz, J.C., T. Lewis and P. Bertram, 1995. Epilimnetic phytoplankton and zooplankton biomass and species composition in Lake Michigan, 1983-1992. U.S. EPA Great Lakes National Program, Chicago, IL. EPA 905-R-95-009.

Конференцияның материалдары

Stock, A., 2004. Signal Transduction in Bacteria. In the *Proceedings of the 2004 Markey Scholars Conference*, pp: 80-89.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	21-бет, 31 беттен тұрады

Диссертация


Strunk, J.L., 1991. The extraction of mercury from sediment and the geochemical partitioning of mercury in sediments from Lake Superior, M. S. thesis, Michigan State Univ., East Lansing, MI.

Интернет-ресурс

The results of the research, conducted by the French Institute of public opinion. Date Views 01.01.2013 www.dietadyukana.ru/rezultaty-issledovaniya/.

Ресми көздер

The Law of the Russian Federation "On education" of 10.07.1992 #3266 -1.

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	22-бет, 31 беттен тұрады

Қосымша Д

Сын-пікірді рәсімдеудің үлгісі

_____ (магистранттың аты-жөні)
 _____ мамандығы бойынша
 « _____ »,
 магистр дәрежесін алу үшін дайындалған
 _____ тақырыбындағы:
 магистрлік диссертациянына сыртқы ресми рецензенттің
СЫН-ПІКІРІ

1 Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламаларымен байланысы (тәжірибе және ғылым мен техниканың дамуы сұратуларына сәйкес).

2 Магистрлік диссертацияға (жобаға) қойылатын талаптар шеңберіндегі ғылыми нәтижелері.

3 Диссертацияда (жобада) тұжырымдалған магистранттың тұжырымдамасы мен қорытындысының, ғылыми нәтиженің (ғылыми ереженің) негіздемесі мен нақтылық дәрежесі.

4 Диссертацияда (жобада) тұжырымдалған магистранттың тұжырымы, қорытындысы, әрбір ғылыми нәтиженің (ережесінің) жаңашылдық дәрежесі.

5 Диссертацияның (жоба) негізгі ережелері, нәтижелері, қорытындылары мен тұжырымдары, жарияланымдарының жеткілікті түрде толықтығын растау.

6 Диссертацияның (жобаның) мазмұны мен оны рәсімдеу бойынша кемшіліктер.


7 Диссертацияның көрсетіліп отырған талабына сәкестігі.

8 Қорытынды.

Рецензент,
 ғылыми дәрежесі,
 жұмыс орны

(қолы)

Аты-жөні

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	23-бет, 31 беттен тұрады

Қосымша Е

Ғылыми еңбектер тізімін рәсімдеудің үлгісі

(Магистранттың аты-жөні) _____ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

№	Аты	Жұмыс сипаты	Баспа, журнал, атауы, нөмір, жылы, беттері	Көлемі (п.л.)	Авторлардың тегі
1	2	3	4	5	6
1	Фонд возмещения как источник обновления производственного аппарата предприятия	Мақала	Материалы международной НПК «Место и роль кооперативного движения в свете новых социально-экономических тенденций», Астана, ЕНУ, 2001.-С.99-101	0,25	
2	Влияние амортизации на повышение эффективности производства	Мақала	Сборник докладов участников международной НПК «Кооперативы и акционерные общества: развитие, преимущества и конкурентоспособность», Гомель, БТЭУПК, 2002.- С.119-123	0,25	
3	Воспроизводство основных средств в современных условиях	Мақала	Материалы республиканской НПК «Актуальные проблемы теории национального воспроизводства», Алматы, КазНУ им.аль-Фараби, 2002.- С.145-148	0,25	

Университет кеңесінің
Ғылыми хатшы
к.п.н., қауым.профессор

(қолы)

аты-жөні

Кафедра меңгерушісі


(қолы)

аты-жөні

Магистрант

(қолы)

аты-жөні

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	24-бет, 31 беттен тұрады

Қосымша Ж

Қорытындыны рәсімдеудің үлгісі

_____ мамандығы бойынша _____
**магистрі дәрежесін алу үшін ұсынылған «_____» тақырыбындағы
 магистрлік диссертация / магистрлік жоба бойынша сараптамалық комиссия**


ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Сараптамалық комиссия келесі құрамда: _____ магистр академиялық дәрежесін алуға _____ (аты-жөні, тақырыбы) ұсынылған магистрлік диссертацияны қарап, келесі қорытындыға келді.

1. Мамандықтың жұмыс пен ғылым салаларына сәйкестігі
2. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (тәжірибе және ғылым мен техниканың сұраныстарымен) байланысы.
3. Магистрлік диссертацияда тұжырымдалған қорытындылар, тұжырымдардың, әрбір нәтиженің (ғылыми ереженің) негізділік және нақтылық дәрежесі.
4. Диссертацияда тұжырымдалған қорытындылар мен тұжырымдардың, әрбір ғылыми нәтиженің (ережесінің) жаңалық дәрежесі.
5. Тиісті өзекті мәселерді теориялық тұрғыдан шешуде алынған нәтижелердің немесе қолданбалы міндеттердің ішкі тұтастығы мен бағыттылығын бағалау.
6. Диссертацияның негізгі ережелері, нәтижелері, қорытындылары, жарияланымдарының жеткілікті түрде толықтығын растау.
7. Сараптамалық комиссия шешімі.

Сараптамалық комиссия мүшелері:

1. Аты-жөні, ғылыми дәрежесі _____
2. Аты-жөні, ғылыми дәрежесі _____
3. Аты-жөні, ғылыми дәрежесі _____

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	25-бет, 31 беттен тұрады

Қосымша 3

Жеке жұмыс жоспарын орындау туралы анықтаманы рәсімдеудің үлгісі

**Жеке жұмыс жоспарын орындау туралы
Анықтама**

Магистранттың аты-жөні: _____

Факультет: _____


Мамандығы: _____

№	МЖЖЖ орындалған жұмысының тізімі	Орындалу күні	Ескертулер
1			
2			
3			
4			
5			

Ғылыми жетекші (қолы) Аты-жөні

Кафедра меңгерушісі (қолы) Аты-жөні

ЖОО-нан кейінгі дайындық
орталығы директоры (қолы) Аты-жөні

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	27-бет, 31 беттен тұрады

Қосымша К

Рефераттың титулдік бетіесін рәсімдеудің үлгісі

Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

ОӘЖ

Қолжазба құқығында


ТЕГІ АТЫ ӘКЕСІНІҢ АТЫ

Диссертация/жобаның тақырыбы

_____мамандығы бойынша.
_____магистрі дәрежесін алу үшін дайындалған
магистрлік диссертацияның/жобаның

Рефераты

Атырау жыл

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	28-бет, 31 беттен тұрады

Қосымша Л

Рефераттың негізгі бетінің кері жақ формасы

Жұмыс Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «.....» кафедрасында орындалды

Ғылыми жетекші - Аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы


Рецензент: - Аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі

Диссертацияны қорғау 20__ жылы «__» _____ күні сағ. ____-де Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде келесі мекен жай бойынша өтеді: 060011, .Атырау қ., Студенттер даңғылы, 1. тел. 8(7122)00-00-00. e-mail: atgu@kz

Диссертациямен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасында танысуға болады.

Кафедра меңгерушісі «.....»

Аты-жөні

 ATYRAU UNIVERSITY	Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Үшінші басылым
	Магистрлік диссертация (жоба) туралы Ереже	29-бет, 31 беттен тұрады

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Т.А.Ә.	Келісу күні	Жеке қолы
Оқу ісі жөніндегі проректор	Джарасова Г.С.	<u>13.12.</u> 2018 ж.	 (ҚОЛЫ)
Ғылым жөніндегі проректор	Идрисов С.Н.	<u>13.12.</u> 2018 ж.	 (ҚОЛЫ)
Ғылым департаментінің директоры	Мусаева А.А.	<u>13.12.</u> 2018 ж.	 (ҚОЛЫ)
Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры	Сулейменова Ж.О.	<u>13.12.</u> 2018 ж.	 (ҚОЛЫ)
Сапа менеджменті жүйесі қызметінің бастығы	Балтурганова С.К.	<u>13.12.</u> 2018 ж.	 (ҚОЛЫ)
Заң қызметінің жетекшісі	Қуанов Қ.С.	<u>13.12.</u> 2018 ж.	 (ҚОЛЫ)

